


| | | |
|---|--|--------------------------------|
|  ASTANA MEDICAL UNIVERSITY | УМО по направлению подготовки - Здравоохранение | |
| | ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля | Редакция: 1 Страница 1 из 2 |

№8 ХАТТАМА

Стоматологиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ отырысы

Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша

Онлайн

2026 жылғы 14 қаңтар

ЖБТ төрағасы – Деточкина В.Р.–м.ғ.к., терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы.

ЖБТ төрағасының орынбасары – Сулейменова Д.М., м.ғ.к., «Семей медицина университеті» КЕАҚ стоматологиялық пәндер және бет-жақ хирургиясы кафедрасының доценті.

ЖБТ хатшысы – Акжигитова Э.Н., «МУА» КЕАҚ Стоматология мектебінің бас маманы.

Қатысқандар: Ермуханова Г.Т., Тулеутаева С.Т., Кайкенова С.Е., Есембаева С.С., Бейсенова Г. Е., Калина А.С., Алтынбеков К.Д., Суманова А.М., Султанова Г.Д.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Стоматология» білім беру бағдарламасының мазмұны мен ұзақтығын талқылау.
2. Оқу жылындағы меңгерілетін кредиттер санын 70-ке дейін арттыру.


Бірінші сұрақ бойынша:

ЖБТ Төрағасы: Біз, барлық ЖОО стоматологиясы бойынша ЖБТ, «5+1» моделін – бакалавриат плюс интернатура бағдарламасын ұсынамыз. Интернатура алтыншы курста бес бағыт бойынша өтеді, алайда мұнда сұрақ туындайды. Егер біз жақ-бет хирургиясы мен ортодонтия бойынша міндетті резидентура енгізетін болсақ, интернатураны төрт негізгі толыққанды пәннен (терапиялық, хирургиялық, ортопедиялық, балалар стоматологиясы) және ортодонтия курсынан құрастыру керек шығар. Бұл жағдайда ортодонтияға бөлінетін сағат саны азаяды, себебі резидентура болады. Сіздердің ұсыныстарыңыз?

Сөз сөйледі:

Есембаева С.С.: Мен негізгі төрт бағытқа көбірек сағат қалуы үшін ортодонтия курс болуын қолдаймын.

Тулеутаева С.Т.: Мәңгілік ротація үшін бес пәнді де қалдырған дұрыс деп санаймын.

| | | |
|---|--|--------------------------------|
|  ASTANA MEDICAL UNIVERSITY | УМО по направлению подготовки - Здравоохранение | |
| | ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля | Редакция: 1 Страница 2 из 2 |

Калина А.С.: Әріптестер, онда «Стоматология» түлектерінің ортодонт болып жұмыс істеуге құқығы жоқ екені нақты жазылуы керек деп есептеймін, себебі бейінді жоғары оқу орнынан кейінгі білім жоқ.

Тулеутаева С.Т.: Мұны біз тек кәсіби стандартта көрсете аламыз, бірақ оны кейін қалай бақылауға болады деген сұрақ туындайды. Себебі жалпы практикадағы стоматолог-дәрігерлер бүгінде барлық қызметті, соның ішінде ортодонтияны да атқарып жүр. Сондықтан интернатурада ортодонтия бойынша сағаттарды қысқартудың мәні жоқ деп ойлаймын, өйткені олар профилактикалық ортодонтияның белгілі бір бөлігін көрсете алады. Мұның барлығы кәсіби стандартта нақты жазылуы тиіс.

Немесе лицензиялау талаптарына ортодонтия бойынша резидентурасы бар болған жағдайда ғана ортодонтияға лицензия беру туралы тармақ енгізу керек, біз ортодонтия бойынша міндетті резидентура енгізген сәттен бастап.

Сондай-ақ студент 5-курстан кейін қандай дәреже, қандай біліктілік және қандай сертификатпен 6-курсқа өтетінін шешу қажет.

ЖБТ Төрағасы: Біз «стоматология бакалавры» дәрежесін ұсынуымызға болады. Бесінші курстан кейін олар ҰТЕО-да тестілеуден өтіп, «дәрігер-стоматолог ассистенті» дипломын алады. Осылайша, ол интернатураға өте алады немесе стоматология бакалавры ретінде алтыншы курсқа өтуіне болады.

Тулеутаева С.Т.: «Медицина» БББ-мен ұқсастық бойынша, «дәрігер-стоматолог интерн» біліктілігімен шығару қажет деп ойлаймын. Себебі дәрігер-стоматолог ассистенті орта буынды қайталайды және оның емдік қызметпен айналысуға, пациенттерге тікелей қарауға құқығы жоқ. Сондықтан 5-курстан кейін «Стоматология бакалавры» дәрежесі, ал біліктілігі – дәрігер болуы керек. Одан әрі ол стоматология мамандығы бойынша «дәрігер-интерн» ретінде сертификаттаудан өтеді. Алтыншы курсты аяқтаған соң «ересек және балалар дәрігер-стоматологы» біліктілігін алады.


ГУП төрағасы: Келісемін. Әріптестер, барлығы келісесіздер ме?

Есембаева С.С.: Жалпы барлық қолданыстағы бұйрықтарды қарап көрсеніздер онда «дәрігер-интерн» деген ұғым жоқ.

Тулеутаева С.Т.: «Медицина» бағыты бұл бұйрықтарды өзгертетін болады, себебі «Медицина» бойынша интерндердің бес бағытта клиникаларға кіруі үшін. Бұл енгізілетін болады. Біз де олармен бірге өз ұсыныстарымызды енгізуіміз керек.

ЖБТ Төрағасы: Қазіргі таңда біз ұсыныстарды Денсаулық сақтау министрлігіне жолдаймыз.

ШЕШІМ:

| | | |
|---|--|--------------------------------|
|  ASTANA MEDICAL UNIVERSITY | УМО по направлению подготовки - Здравоохранение | |
| | ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля | Редакция: 1 Страница 3 из 2 |

1. Стоматологияның төрт негізгі бағыты бойынша интернатура моделін бекітілсін: терапиялық, хирургиялық, ортопедиялық, балалар стоматологиясы және ортодонтия бойынша жеке курс болуын ұсынылсын.

2. «Бет-жақ хирургиясы» және «Ортодонтия» бағыттары бойынша міндетті резидентураны қарастыру, оған байланысты кәсіби стандарттарға, нормативтік-құқықтық актілерге және медициналық қызметті лицензиялау талаптарына тиісті өзгерістер енгізу ұсынылсын.

Екінші сұрақ бойынша:

ЖБТ Төрағасы: «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру процесін оңтайландыру және жазғы семестрді тиімді пайдалану мақсатында оқу жылындағы оқу жүктемесін 70 кредитке дейін арттыру жөніндегі ұсынысты айтты. 70 кредитке көшу кезінде: негізгі оқу процесі маусым айының соңына дейін жалғасады; егер жазғы семестр сақталса, онда сабақтар тамыз айында аяқталады; «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша жазғы семестрде пәндерді қайта оқу орынды емес деп танылды.

Сөйлегендер: Калина А.С. және Алтынбеков К.Д. бұл ұсынысты қолдады.

ШЕШІМ:

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқу жылындағы оқу жүктемесін 70 кредитке дейін арттыруды ұсыну.

2. Жазғы семестрді тек GPA көтеру және жазғы мектептерден өту үшін пайдалануын ұсыну.

3. Оқу процесін ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру үшін ұсынысты уәкілетті органдарға (ҚР ҒЖБМ / ҚР ДСМ) жолдау.

ЖБТ төрағасы

ЖБТ хатшысы



Деточкина В.Р.

Акжигитова Э.Н.